
VolkswagenStiftung
IOR
ISSN 1608-8417
ХАЗАХСТАНСКАЯ КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ АССОЦИАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
Специальный выпуск 2011
КАЗАХСТАНСКАЯ КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ АССОЦИАЦИЯ
Предупреждение
ПРЕСТУПНОСТИ

*Institut fur Ostrecht Munchen e. V. (Deutschland)*
*Kasachische Nationale Universitat Namens Al-Farabi*

# Internationale Konferenz

## Die Hauptverhandlung in Zentralasien zwischen inquisitorischem und adversatorischem Model

Almaty, 23.-24. September 2011

*Шығыс-Европалық құқық институты (ГФР)*
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

# Халықаралық конференция

## Орталық Азия елдеріндегі инквизициялық және бәсекелестік моделі бойынша сот талқылауы

Алматы, 23-24 қыркүйек 2011 ж.

*Институт Восточно-Европейского права (ФРГ)*
*Казахский национальный университет им. Аль-Фараби*

# Международная конференция

## Судебное разбирательство в странах Центральной Азии между инквизиционной и состязательной моделью

Алматы, 23-24 сентября 2011 г.






Учредитель и издатель:
**Казахстанская криминологическая ассоциация**

Председатель редакционного совета –
**И. Рогов**

Редакционный совет:

Казахстан:
**Б. Бекназаров**
**С. Бычкова**
**Т. Донаков**
**Б. Имашев**
**О. Копабаев**
**К. Мами**
**Г. Мауленов**
**Б. Мухамеджанов**
**А. Тугел**
**Н. Турецкий**
**Р. Тусупбеков**

Россия:
**В. Меркурьев**
**Д. Шестаков**

Украина:
**П. Андрушко**

Главный редактор:
**И. Буянкина**

Ответственный секретарь:
**А. Ромашко**

**Республика Казахстан**
**050031, г. Алматы,**
**ул. Толе би, д.303.**
**оф. 103.**
**Тел: +7 727 256-62-70**
**Факс: +7727 256-60-99**
**e-mail:**
***kazcrim@kazcrim.com***
***www.kazcrim.com***

**ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПНОСТИ**
ЮРИДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ [illegible] ВЫПУСК 2011

**СОДЕРЖАНИЕ**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**
**«СУДЕБНОЕ РАЗБИРАТЕЛЬСТВО В СТРАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ МЕЖДУ ИНКВИЗИЦИОННОЙ И СОСТЯЗАТЕЛЬНОЙ МОДЕЛЬЮ»**
**23-24 сентября 2011 г.**

Программа конференции ..... 3

Стендовые доклады

**Джансараева Р.Е.** Сделки о признании вины: сравнительный анализ законодательства ..... 5
**Смирнов А.В.** Исторические формы уголовного процесса ..... 11
**Головко Л.В.** Концептуальные основы разграничения судебных и полицейских функций в уголовном процессе ..... 14
**Тыныбеков С.** Право на неприкосновенность личности и его защита в судебном порядке ..... 20
**Абдрашев Р.М.** Дискуссионные вопросы концепции проекта уголовного кодекса Республики Казахстан (в новой редакции) ..... 24
**Алимкулов Е.Т.** Кәмелетке толмағандарға қатысты тәрбиелік ықпал ету мәжбүрлеу шараларының мәні мен маңызы ..... 26
**Атаханова Г.М.** Меншікке қарсы қылмыстарды туындататын себептердің теориялық мәселелері ..... 30
**Арстанбаева Б.** Роль и значение следственных функций в системе борьбы с преступностью ..... 33
**Байсалов А.Д., Кундакова М.Ж.** Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі қылмыстық жазаны орындаудың кейбір проблемалары ..... 37
**Байсеитов Б.Б.** Қазақ қоғамындағы әскери билік және ерекшелігі ..... 39
**Бижанова А.Р.** Бағалы қағаздарға байланысты қылмыстылықтың негізгі себептері ..... 49
**Бисенғали Л.** Общая уголовно-правовая характеристика экономической преступности ..... 53
**Берсугурова Л.Ш.** К вопросу об унификации понятийного аппарата уголовно-процессуального права Республики Казахстан ..... 57
**Егизбаев С.** Типичные следственные ситуации первоначального этапа расследования заведомо ложных сообщений об акте терроризма ..... 63
**Елеусизова Г.** Гарантии обеспечения прав и свобод лиц, участвующих в уголовном судопроизводстве ..... 68
**Избасова А.Б.** Қазіргі таңда шетел заңнамасындағы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы институтының дамуы ..... 74
**Калкаева Н.Б.** ҚР Қылмыстық заңнамасындағы қылмыс құрамының шариғат нормаларымен үндестігі ..... 76
**Кан А.Г.** К вопросу об аналогии в уголовном процессе ..... 81
**Когамов А.Б.** Уголовно-процессуальное правонарушение и процессуальная ошибка: правовая природа и критерии разграничения ..... 84
**Кужахметова Ж.** Понятие и сущность незаконной миграции ..... 91
**Нурмаганбет Е.Т.** История возникновения адвокатуры ..... 96
**Нускабаев М.** Современное состояние борьбы с организованной преступностью ..... 104
**Тапалова Р.Б.** Некоторые вопросы криминалистической классификации преступлений в сфере экономики ..... 109
**Шопабаев Б.А.** Участие специалиста-криминалиста в следственных действиях ..... 112
**Шарипов Ш.М.** Роль прокурора в состязательном процессе ..... 117
**Бисенова М.Қ.** Жеке тұлғаның рухани қалыптасу жағдайлары ..... 120

***А.Б. Избасова,***
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*
*қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу*
*және криминалистика кафедрасының*
*оқытушысы, құқық магистрі*

# ҚАЗІРГІ ТАҢДА ШЕТЕЛ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУЫ

Қазіргі таңдағы қылмыстық құқықта көп талқыланатын мәселелердің бірі ретінде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы танылып отыр. Талқылау барысында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы мәселесін қолдаушы тараптармен қатар, бұл идеяға қарсы жақтардың бар екендігі анықталды.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе сонау 1929 жылы Бухаресттегі халықаралық қылмыстық құқық конгресінде қозғалған болатын. Аталған конгрестің нәтижесі болып конгреске қатысушы елдердің заңды тұлғалардың (корпорация) қылмыстық жауаптылығын қарастыратын ұлттық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныспен арнайы қаулы шығарылған болатын. Бұл заңды тұлғалардың біртіндеп әртүрлі салада кәсіпкерлік қызметпен айналысып, негізгі салық төлеуші мен жұмыс беруші бола отырып мемлекеттің қаржылық және экономикалық жүйесінің негізіне айналуына байланысты болды. Сол уақытта заңды тұлғаларға құқықтық әсер етудің қылмыстық-құқықтық механизмінен басқа да, мысалы әкімшілік құқықтық механизмдер де болған емес [1,23].

Заңды тұлғаларға қылмыстық жауаптылық орнату идеясын қабылдаған Европа елдерінің қылмыстық кодексінде бұл мәселе түрліше түсіндірілген. Мысалға Нидерландының қылмыстық кодексінде аталған мәселе 51-бабында қарастырылған. Онда қылмыстық жазаланатын әрекеттер жеке тұлғалармен қатар заңды тұлғалармен де жасалады делінген. Егер қылмыстық жазаланатын әрекет заңды тұлғалармен жасалса, онда қозғалған қылмыстық іс бойынша заң шеңберінде қолдануға мүмкін болатын жазалар мен мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешім шығарылуы мүмкін: 1) заңды тұлғаға қатысты; 2) аталған қылмыстық әрекетті жасауға тапсырма берген немесе аталған әрекетті басқарған жеке тұлғаға қатысты; 3) бірінші және екінші бөлімдерде көрсетілген тұлғаларға қатысты бірлескен шешім шығарылуы мүмкін [2,34].

Нидерландының қылмыстық кодексі қандай жағдайларда қылмыс корпорациямен жасалған болып есептелетінін нақты көрсетпеген. Егер құқық бұзушылық заңды тұлғамен жасалды деп танылған болса, онда тек заңды тұлға ғана емес басқа да тұлға қудалануы және жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Онымен бірге немесе оның орнына құқық бұзушылыққа алып келген әрекетті жасауға бұйрық берген немесе бұл әрекеттерді басқарған тұлғалар қудалануы және жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Ондай тұлғалар болып белгілі бір әрекетті жасау немесе жасамау туралы шешім қабылдауға өкілеттілігі бар тұлғалар танылады.

Аталған мәселені нақтырақ ашып көрсететін батыс Европа кодекстерінің бірі ретінде 1992 жылы қабылданған Францияның қылмыстық кодексін айтуға болады. Франция қылмыстық кодексінің 121-2 бабына сәйкес мемлекетті қоспағанда, заңды тұлғалар олардың игілігі үшін органдарымен немесе өкілдерімен жасалған қылмыстық әрекет үшін заңда қарастырылған жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы қылмыстық әрекетті жасаған орындаушылар мен қатысушыларының жауаптылығын жоққа шығармайды. Осылайша, Н.Е. Крылова көрсеткендей Франция заңнамасына сәйкес заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы қосымша (жеке тұлғалармен бірге), негізделген (қылмыстық әрекет заңды тұлғалардың мүддесі

үшін оның басшысымен немесе өкілімен жасалуы тиіс) және арнайы (тек заңда немесе қаулыда қарастырылған ерекше жағдайларда) болуы мүмкін. Францияның қылмыстық кодексі заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығын өте кең қылмыстар спектрі үшін белгілейді. Оларға мыналар жатады: адамзатқа қарсы қылмыстар; есірткі заттарын дайындау, тасымалдау, сақтау, сату; басқа тұлғаларға қауіпті жағдай туғызу; адамдарға эксперимент жүргізу; жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды дискриминациялау; адам құқықтарына қол сұғу; жалған ақпарат тарату; әртүрлі ұрлықтың түрлері; алаяқтық, сенімге қиянат жасау; салық төлемеу немесе тәркіленген мүлікті пайдалану; жалған құжат жасау және тағы да басқа қылмыстар.

Франция қылмыстық кодексі бойынша заңды тұлғалар аяқталмаған қылмыстық әрекет үшін және қылмысқа қатысушылық үшін де жауаптылыққа тартылады [3,37].

Батыс Европаның кейбір елдері заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тартудан бас тартып отыр. Олар құқық бұзушылық жасаған заңды тұлғаларға әсер етудің басқа амалдарын таңдауға болады дейді.

Теория жүзінде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы шетелдерде пікірталас туғызуда. АҚШ-та заңды тұлғалар жауаптылығының теориялық негізі ретінде "respondeat superior" (жоғары тұрғаны жауап берсін) доктринасы танылып отыр. Оған сәйкес жеке тұлға өзінің уәкілдері үшін азаматтық жауаптылыққа тартылды. Бұл доктринаға сәйкес заңды тұлғаларға қылмыстық жауаптылық жүктеу үшін мыналар қажет: біріншіден, корпорация уәкілі заңсыз әрекетті (actus reus) есі дұрыс күйінде (mens rea) жасауы тиіс; екіншіден, ол өзінің өкілеттігі шеңберінен асып кетпей әрекет етуі тиіс; үшіншіден, уәкіл корпорация пайдасы үшін әрекеттенуі тиіс [4,32].

Европа құқығында alter ego доктринасы кеңінен тараған. Оған сәйкес корпорацияның басқарушы құрамына кіретін барлық қызметкерлердің әрекеттері корпорацияның әрекетімен теңдестіріледі (Англия, Уэльс, Франция).

Қандай қызметкерлердің әрекеттері заңды тұлғаларды жауаптылыққа әкеп соқтырады деген сұрақты шешуде екі негізгі модель бар. Бірінші модельге сәйкес тек басқарушы қызметкерлердің әрекеттері есепке алынады. Екінші модельге сәйкес корпорация оның атынан әрекет ететін кез-келген жеке тұлға үшін қылмыстық жауаптылықта болады.

Голландиялық Hoge Road корпорацияны қызметкерлері үшін қылмыстық жауаптылыққа тартудың екі критерийін ұсынады: біріншіден, корпорация қызметкердің сондай әрекетті жасауы қажеттілігінің болғандығын анықтайтын жағдайда болуы тиіс. Екіншіден, қызметкердің әрекеттері корпорацияға тән әрекеттердің қатарына жатуы тиіс. Мұндай әрекеттерді әдетте ұйымның іскерлік тәжірибесі ретінде қарастыруға болады.

Голландиялық жүйе бойынша заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы корпорацияның қызметкерлерінің әрекетін бақылай отырып, құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алуға мүмкіндігі болған кезінде ғана танылады. Оның нәтижесінде корпорацияның жауаптылығы олардың әлеуметтік жауаптылығына теңестіріледі.

K.S. Khanna азаматтық жауаптылыққа қарағанда заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы қорғанудың қатаңырақ қылмыстық іс жүргізушілік құралдарын, қатаң және бірегей санкциялар (стигма, беделін түсіру) мен мәжбүрлеп құқық қолдану құралдарына ие екендігін атап көрсеткен.

Ги Стессенс "Корпоративная уголовная ответственность: сравнительный анализ" еңбегінде заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту жүйесінің төмендегідей артықшылығын көрсетеді: 1) қазіргі таңдағы көптеген қылмыстар заңды тұлғалармен жасалатындықтан мұндай қылмыстармен күресудің ең тиімді әдісі ретінде оларға тікелей жазалау санкцияларын тағайындау қажет; 2) заңды тұлғалардың альтернативті модельдері (әкімшілік, азаматтық) сияқты іс жүргізушілік кепілдіктер бермейді; 3) корпорацияға салынатын айыппұл мөлшері жеке тұлғаларға салынатындарға қарағанда жоғары болады. Бұл

жерде заңды тұлғаларды жауапқа тарту фактісі аса маңызды болып табылады; 4) өзінің лауазымдық қызметтерін атқару барысында жасаған заңсыз әрекеттері үшін жеке тұлғаны жауапқа тарту күтілетін нәтиже бермейді. Себебі, заңды тұлғалардың қызметіндегі кемшіліктерді бір ғана қызметкерді жауапқа тарту арқылы жоюға болмайды.

Қазіргі таңда заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы институты Нидерландыда 1976 жылдан, Норвегияда 1991 жылдан, Францияда 1992 жылдан, АҚШ пен Финляндияда 1995 жылдан, Канадада 1997 жылдан, Ирландия мен Исландияда 1998 жылдан, Словенияда 1999 жылдан, Австралия, Англия, Бельгия және Венгрия 2001 жылдан, Швейцарияда 2003 жылдан, Румынияда 2004 жылдан орнатылған екен.

Дүниежүзі кейбір елдерінің заманауи қылмыстық заңнамасының анализі көрсетіп отырғандай, заңды тұлғаларға қатысты айыппұлдан басқа төмендегідей жазалардың түрлері жиі қолданылады екен:

1. Арнайы тәркілеу (Албания, Бельгия, Ирак, АҚШ, Франция);

2. Заңды тұлғалардың қызметін шектеу, яғни қызметтің белгілі бір түрлерімен айналысуға тыйым салу, филиалдары мен бөлімшелерін жабу (Албания, Бельгия, Испания, Литва, Молдова Перу, Франция);

3. Заңды тұлғалардың қызметін уақытша тоқтата тұру (Испания, Перу);

4. Заңды тұлғаны тарату (Белгия, Литва, Молдова, Перу, Франция);

5. Үкімді жариялау немесе басып шығару (Франция, Бельгия).

Бұл жазалармен қоса Францияда заңды тұлғаларға қатысты шарттар жасауға қатысуға тыйым салу, мемлекеттік келісім шарттар жасауға тыйым салу, мүлкін тәркілеу (адамзатқа қарсы қылмыстар мен есірткі заттарының заңсыз айналымы қылмыстары үшін) сияқты жазалар да қолданылады [5,64 ].

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Никифоров Б.С., Решетников Ф.М. Современное американское уголовное право. – М., 1990. – С. 53.

2. Волженкин Б.В. Уголовная ответственность юридических лиц: серия «Современные стандарты в уголовном праве и уголовном процессе». СПб., 1998. – С. 40

3. Крылова Н.Е. Основные черты нового Уголовного кодекса Франции. М.,1996. С. 53

4. Уголовное право зарубежных стран. / под ред. И.Д. Козочкина. – М.: ИМПЭ им. А.С. Грибоедова, 2001. – С.145.

5. Никифоров А.С. Юридическое лицо как субъект преступления и уголовной ответственности. – М., 2002. – С. 204.

***Н.Б. Калкаева,***
*заң ғылымдарының кандидаты*

## ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫНЫҢ ШАРИҒАТ НОРМАЛАРЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Қылмыстық құқықтың негізгі міндеттерінің бірі қылмыс болып табылатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді анықтау, оларға жазаның түрі мен көлемін белгілеу болып табылады. Бірақ қылмыстық құқық осы міндеттерді іске асырып қана қоймай, қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәні ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайларды, жаза тағайындау және жазадан босату кезінде ескерілуге тиісті қажеттіліктерді т.б. анықтаумен айналысады. Сонымен бірге қылмыстық құқық ғылымының көлемінде әр түрлі іс-әрекеттерге әлеуметтік-құқықтық бағалау жасалып, олардың қоғамға қауіптілігі байқалғанда қылмыс қатарынан шығарылу мәселесі де қарастырылады. Қылмыстық құқық мамандардың жеткілікті білім деңгейінде даярлануы, практика қызметкерлерінің дұрыс әрі сапалы жұмыс істеуі

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПНОСТИ
Юридический журнал
Специальный выпуск 2011

Собственник – Казахстанская криминологическая ассоциация
Главный редактор – И. Е. Буянкина

Журнал зарегистрирован Министерством информации
и общественного согласия Республики Казахстан 1 августа 2000 г.
Свидетельство о регистрации № 1416 – Ж. ISSN 1608-8417. Подписной индекс: 75714

Подписано в печать 15 октября 2011 г.
Формат 60x84 1/8. Бумага мелованная. Усл. печ. л. 16. Тираж 100 экз.
Журнал отпечатан в ТОО «Издательство LEM»
тел.: 292-07-25, 292-55-64.

Приказом ВАК министерства образования и науки РК № 433-3 ж от 26.06.03 г.
рекомендован для научных публикаций.
Ответственность за достоверность фактов и сведений,
содержащихся в публикациях, несут авторы.
Материалы редакцией не возвращаются.
Перепечатка материалов возможна только с разрешения редакции.
При использовании материалов ссылка на журнал обязательна.